

**Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Қазақстан
Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік
шекараларының түйісу нүктесі туралы
К Е Л І С І М**

Бұдан өрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Қазақстан Республикасы, үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасу орнын нақтылау және белгілеу мақсатында,

Қытай Халық Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қытай-қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы 1996 жылғы 4 шілдедегі келісімнің 6-бабына және Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы 1994 жылғы 26 сәуірдегі келісімнің 6-бабына сөйкес

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Бұдан былай үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі деп аталатын, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі Хан Төңірі шыңының 6695-ші белгісі бар құзар басында орналасқан. Аталған түйісу нүктесі Қытай аумағында орналасқан 5292-ші белгісі бар биіктіктен солтүстік-солтүстік-батысқа қарай 3387 метр, Қырғызстанның аумағында орналасқан 6411-ші белгісі бар биіктіктен шығыс-солтүстік-шығысқа қарай 3428 метр және Қазақстанның аумағында орналасқан 4672-ші белгісі бар биіктіктен оңтүстікке қарай 5592 метр қашықтықта орналасқан.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің мынадай координаттары бар:

географиялық: солтүстік ендікте $B = 42^{\circ} 12' 36,4''$, шығыс бойлықта $L = 80^{\circ} 10' 31,1''$; тікбұрышты: $X = 4675395$, $Y = 14431875$.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасу орны осы Келісімге қоса беріліп отырған және оның ажырамас бөлігін құрайтын, бірлесіп жасалған масштабы 1:50000 картада қызыл шеңбермен көрсетілген.

Осы бапта аталатын биіктіктердің арақашықтығы мен белгілері, сондай-ақ үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің географиялық және тікбұрышты координаттары аталған карта бойынша белгіленген.

Биіктіктердің координаттары мен белгілері 1942 жылғы координаттар жүйесінде және Биіктіктердің Балтық жүйесінде келтірілген.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар жергілікті жерде үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесін белгілеуге келісті.

3-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында _____ жылғы “_____” _____
өрқайсысы қытай, қырғыз, қазақ және орыс тілдерінде үш дана
болып жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы орын алған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді негізге алатын болады.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

ҚЫРҒЫЗ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

江泽民